

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Өнер, мәдениет және спорт» институтының «Бейнелеу өнері және сәндік қолөнер теориясы мен әдістемесі» кафедрасы 6D010700-«Бейнелеу өнері және сыйзыу» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алу үшін жазылған Бекболатова Құралай Маратқызының «Экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастыру» атты диссертациясына берілген шетелдің кенесшінің**

## **П И К И Р I**

Бұғінгі таңда білім беру саласында қоғам талаптарына сәйкес жаңаша технологиялар негізге алынуда. Соның ішінде қогамда сұранысы жоғары өнер саласы мамандарын даярлау жүйесіне жаңаша бағыттар қарастырылуды талаптар қойылуда.

Білім беру кеңістігінде жоғары мектептің инновациялық іс-әрекетке болашақ мамандарды өз кәсіби шеберлігінде жеке кабілеті мен жеке кәсіби құзіреттілігін жетілдіруде мәдени-әлеуметтік ортаға бейімделуде түрлі деңгейде білім мазмұнын менгеруді талап етуде. Жаңартылған білім беру мазмұндағы жаңаша үдерістер шығармашылық ізденіс пен тиімді технологияларды колдануды талап етуде және коршаған органың, экологиялық жағдайының тым нашарлап кетуіне байланысты табиғатымызды барынша сактап калу жолында қоғамымызда түрлі іс-шаралар жасалып келе жатқандығын байкауға болады. Экологиялық мәселелер бүкіл әлем бойынша қозғалып отырған тақырып болғандықтан, докторант Бекболатова Құралай Маратқызының «Экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастыру» диссертациялық ғылыми-зерттеу жұмысы бұғінгі заман-талабына сай әрі көкейкесті тақырып деп есептеймін.

Қ.М. Бекболатова алдына қойған мақсатына жетуде ізденімпаздығы мен еңбеккорлығын, сонымен қатар заманауи зерттеу әдістер мен жаңа технологияларды үрленуде, оны зерттеу жұмыстарында колдануда ыждағаттылығын көрсете білді.

Осы орайда Бекболатова Құралай Маратқызының диссертациясында экодизайн технологиялары арқылы бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастыруда негізделген теория мен практика ұштасып жатыр. Себебі, диссертант өзінің тақырыбына байланысты ең алдымен қазіргі таңда жаға ұғыммен қолданыста ие болып жатқан экодизайнның тарихы мен дамуына, оның қалыптастырып жатқан түрлеріне өте терең тоқталып, осы өнер саласы бойынша зерттеліп жатқан еңбектер нәтижелеріне салыстырмалы талдау жасап, мазмұнды деректер берген. Экодизайн технологияларының даму, шығу тарихына оған осы бұғінге дейін жасалған зерттеулерге, іздену нәтижесінде маңызды, акпараттар беріп, тарихи сипаттамаларға негізделген. Осы экодизайн технологиялары арқылы кәсіби шеберлігін қалыптастыруда болашақ ұрпак тәрбиесіне пайдалана алатын бірнеше тәрбие беру

мүмкіндітеріне яғни экологиялық мәдениетке тоқталғандығы айта кеткен жөн. Оның себебі, қазіргі таңда адамзаттың табиғат бөлшегі екендігін өмір сұру ортасына деген жанашырылқы көзқараспен қарау керектігіне аса назар аударғандығы және өнердің барлық салалары бойынша барынша экологиялық таза талшықтардан түрлі бұйымдар мен құнделікті қолданыста жүрген заттарды барынша эколандыруға болатындығын айта кеткен.

Сондықтан Қ.М.Бекболатовың экодизайн технологиялары арқылы бейнелеу өнері мамандарына кәсіби шеберлігін қалыптастыру атты тақырыбы бүгінгі өнер мамандарының, оның ішінде бейнелеу өнері және сзызу мен кәсіптік білімі, мамандықтары бойынша белгілі мақсатқа бағытталған ізденісі мейлінше көкейкесті, тың мәселе екеніне күмән тудырмайды. Қорыта келе, Бекболатова Құралайдың «Экодизайн технологиялары арқылы болашак бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысын 6D010700-«Бейнелеу өнері және сзызу» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесінің барлық квалификациялық талаптарына сай ғылыми еңбек ретінде корғауға ұсынамын.

**Шетелдің кеңесші  
Ақденіз университетінің  
«Дәстүрлі қолөнер» кафедрасының  
менгерушісі п.ғ.д., доцент**

